

Мемлекеттік орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 қазандығы 18-02/908 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 қарашада № 12266 болып тіркелді.

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 101-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауга жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 12 қазандығы
№ 18-02/908 бұйрығымен
бекітілген

**Мемлекеттік орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында
пайдалану
қағидалары**

1. Осы Мемлекеттік орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 101-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану тәртібін регламенттейді.

2. Мемлекеттік орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалануға орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын, орман табиғаты мен оның компоненттерін тану, соның негізінде жаңа техника жасауды қоса алғанда, орман ресурстарын күзету, қорғау, молықтыру және ұтымды пайдалану жөнінде тәсілдер, әдістер және технологиялық процестер әзірлеу үшін кешенді және мамандандырылған (ботаникалық, зоологиялық, орман өсіру, орман-патологиялық, топырақтану және басқа да) ғылыми зерттеулер мен экспериментальдық жұмыстар (бұдан әрі – ғылыми-зерттеу жұмыстары) жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры аумағында орналасқан өзге де табиғи объектілерді зерделеу жатады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары шенберінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын дайындау мен пайдалану мемлекеттік экологиялық сараптаманың он қорытындысы болған кезде биологиялық негіздемеге сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орман қоры участекерінде, судың жай-құйіне әсер ететін су қорғау аймақтары мен белдеулерінде жүргізілетін экспериментальдық жұмыстарды орман пайдаланушылар су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарымен келісім бойынша жүргізеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 22.12.2020 № 329 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Тәжірибелік-өндірістік тексерулер жүргізу мен ғылыми және конструкторлық әзірлемелерді орман шаруашылығы өндірісіне енгізу, тұрақты ағаш тұқымы базасы объектілерін құру уәкілетті органмен келісім бойынша осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Жұмыстардың түрлері (стационарлық, далалық, бағдарлық), ерекшелігі (ботаникалық, орман өсіру, топырақтық және басқалар), басталу және аяқталу мерзімдері, ғылыми зерттеулердің бағдарлары, эксперименттік объектілерді орналастыру орындары мен көлемдері, сондай-ақ пайдаланудың арнайы режимі, шектеулердің түрлері мен мерзімдері, көрсетілген жұмыстарды жүргізуіндегі басқа да талаптары белгіленетін мемлекеттік орман қоры участекерінің алаңын көрсете отырып, орман пайдаланудың басқа түрлерін шектеу немесе оларға тыйым салулар, көрсетілген жұмыстарды жүргізуіндегі басқа да шарттары мемлекеттік орман иеленушімен орман пайдаланушылардың арасында жасалатын ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шартымен және (немесе) орман билетімен айқындалады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік орман иеленушілер мемлекеттік орман қоры участекерін жеке және заңды тұлғаларға ұзақ мерзімді орман пайдалануға ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты талаптарымен, ал қысқа мерзімді орман пайдалануға қысқа мерзімді орман пайдалану шарты және рұқсат беру құжаттары негізінде береді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.01.2018 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Ғылыми-зерттеу мақсаттарын жүзеге асыру кезінде мемлекеттік орман қоры участекерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының және (немесе) орман билетінің талаптарын өзгертуге:

1) оның салдарынан белгіленген бағдарлама бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыру мүмкін болмайтын, дүлей апattардың нәтижесінде мемлекеттік орман қорының жай-күйі өзгергенде;

2) егер бұрынғы пайдалану шарттары осы санаттардың мәртебесімен үйлеспейтін болса, мемлекеттік орман қоры санатының өзгеруі, оларды ерекше қорғалатын орман аумақтары құрамына енгізу нәтижесінде мемлекеттік орман қоры участекерін пайдалануды жүзеге асыру талаптары мен тәртібі өзгергенде;

3) мемлекеттік орман қоры участекесі мемлекеттік қажеттіліктер үшін ішінара алынғанда жол беріледі.

6. Мемлекеттік орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану кезінде алынған орман өнімі (сүрек, жемістер мен тұқымдар, қалемшелер, екпе көшеттер, көшеттер, тағамдық, дәрі-дәрмектік және техникалық шикізат) ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін қажетті бөлігін қоспағанда, мемлекеттік орман иеленушілердің меншігі болып табылады. Оның тізбесі мен көлемі зерттеу бағдарламасы мен әдістемесіне сүйене отырып белгіленеді және мемлекеттік орман қоры участекерінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарында және (немесе) орман билетінде көрсетіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.01.2018 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану орманың экологиялық жүйелеріне және олардың компоненттеріне нұқсан келтірмей жүзеге асырылуға тиіс.

8. Мемлекеттік орман қорының участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану Кодекстің 39 және 40-баптарында айқындалған негіздерде тоқтатыла тұрады, шектеледі немесе тоқтатылады, орман пайдалану құқығын тоқтату тәртібі Кодекстің 41-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК